

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету туралы

Алматы қаласы мәслихатының VI сайланған кезектен тыс XI сессиясының 2016 жылғы 24 қарашадағы № 62 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2016 жылғы 30 қарашада № 1330 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" заңдарына сәйкес, VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Алматы қаласында тіркелген және тұрақты тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілсін.

Бір уақытта бірнеше негізdemeler бойынша Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар адамдарға көмек олардың қалауы бойынша тек бір негізdememe бойыншаған төленеді.

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты:

1) осы шешімді Алматы қаласы мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

2) нормативтік құқықтық актінің Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін жүргізсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссияның төрайымы X. Есеноваға және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Р. Тауфиковке (келісім бойынша) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен соң қолданысқа енгізіледі.

VI сайланған Алматы қаласы

мәслихатының кезектен тыс

XI сессиясының төрағасы

VI сайланған Алматы қаласы

мәслихатының хатшысы

K. Авершин

K. Қазанбаев

Алматы қаласы мәслихатының
кезектен тыс XI сессиясының
2016 жылғы 24 қарашадағы
№ 62 шешіміне
қосымша

№		Біржолғы әлеуметтік көмектің мөлшері (тенге)
	№ Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттары	
1.	Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектері	50,0 мың
2.	Мәртебесі Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік корғау туралы" Занының 6, 8 балтарында анықталған Ұлы Отан соғысының қатысуышыларына және мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалар	50,0 мың
3.	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға, сондай-ақ мемлекеттік наградалармен наградталмаған, 1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығындағы кезеңде кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет атқарған) адамдар	50,0 мың
4.	Чернобыль АЭС-індегі апат зардалтарын жою салдарынан және Чернобыль АЭС-індегі апат салдарынан қаза тапқан адамдардың отбасылары	50,0 мың
5.	Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмадын жесірлері	50,0 мың
6.	Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапқа тартылған, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі "Жаппай саяси құғын-сүргіндер құрбандарын актау туралы" Занымен белгіленген тәртіпте ақталған тұлғалар	20,0 мың
7.	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар	50,0 мың
8.	Он сегіз жасқа дейінгі балаларға төленетін мемлекеттік жәрдемақы алатын отбасылар	50,0 мың
9.	Тұрғын үй көмегін алатын отбасылар	50,0 мың
10.	Жарты жылда бір рет 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленетін әлеуметтік көмек алушылары	50,0 мың
11.	Аталған санат бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алатын бірінші және екінші топ мүгедектері	50,0 мың
12.	Амбулаториялық емдеу кезеңіндегі IV санаттағы туберкулезben науқас азаматтар	50,0 мың
13.	"Алтын алқамен", "Күміс алқамен" марапатталған немесе бұрын "Ардақты ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған көп балалық аналар	50,0 мың
14.	Аталған санат бойынша ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алатын мүгедек баланы тәрbiелейтін отбасылар	50,0 мың